

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1461 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қаңтар N 130. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Қазақстан кәсіпорындары өндіретін және экспорттайтын шикізат тауарларын жариялау мен салық тәртібінің бірқатар мәселелерін ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасынан экспортталатын шикізат тауарларын кедендік жариялау және оларға салық салу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1461 P951461_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан кәсіпорындарының салық салу мұқтаждары үшін Қазақстан Республикасынан тауардың экспортталған фактісін растаудың қажетті және жеткілікті шарттары мыналар болып табылады";

кәсіпорын орналасқан жердегі салық органына қазақстан кәсіпорнының шетелдік фирмасымен немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын өзге де тұлғасымен (бұдан әрі - шетелдік сатып алушы) экспорттық контрактісін толық көлемде беруі, онда ТМД елдерінен тысқары шығаруға арналған, соның ішінде оларды ТМД кәсіпорындарында өндеуден кейін соңғысының сатып алатын қазақстан тауарлары да көрсетілуі тиіс;

оған қазақстан кәсіпорны берген немесе қазақстан кәсіпорнынан шетелдік сатып алушы сатып алған және ол ТМД кәсіпорнына берілген шикізат өңделіп, экспортқа шығарылатын өнім туралы кеден жариялаудың көшірмесі беріліп, дайын өнім құрамында ТМД-дан тысқары шығарылғаны туралы ТМД кәсіпорнының жазбаша растамасы.

Қазақстан Республикасында өндіріліп, ТМД-дан тысқары шығарылатын шикізаттың шығарылымына жазбаша растама мен өнімнің экспортқа шығарылатыны туралы кеден жариялануының көшірмесін беріп, оларды салық органдарына беру көрсетілген тауарларды экспортқа шығаруға, соның ішінде кейін ТМД елдерінде өндеу үшін де жариялаған қазақстан кәсіпорнына жүктеледі. Кейін ТМД-дан тысқары шығаруға арналып, өндеу үшін ТМД кәсіпорнына тауар беру қарастырылған контрактіні шетелдік сатып алушымен жасау кезінде Қазақстан кәсіпорны өз кезегінде жоғарыда аталған жазбаша

растама мен өнімнің экспортқа шығарылуы туралы кеден жарияланымның көшірімдерін беруді шетелдік сатып алушы міндетіне жүктеуге міндетті.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығының 161-бабының 2-тармағына сәйкес салық органдары есептеме жүргізу немесе қазақстан кәсіпорнының тілегімен қосылған құн салығының сомасын қайтару туралы шешім қабылдайды. Мұнда қосылған құн салығының сомасын қайтару бюджетке салықтың осы түрі бойынша жалпы түсімнің есебінен жүзеге асырылады.

Осы қаулының күші 1995 жылғы 11 қазаннан кейін қалыптасқан құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі